

**Астана қалалық 10 сыныптар арасында өткізілетін  
«Алтын түлек» математикалық олимпиадасының  
Ережесі**

**1. Жалпы бөлім.**

1.1. Бұл ереже **10 сыныптар арасында өткізілетін «Алтын түлек» математикалық олимпиадасының** (ары қарай - Олимпиада) ұйымдастыру тәртібі мен өткізілу форматын, ұйымдастырушылық-әдістемелік жағынан қамтылуын, Олимпиадаға қатысу және жеңімпаздарды анықтау тәртібін белгілейді.

1.2. Олимпиаданың мақсаты – мектеп оқушыларының жоғары деңгейдегі олимпиадаларға дайындығын жақсарту және пән бойынша ерекше қабілетті балаларды анықтау, олимпиада резервін қалыптастыру.

1.3. Олимпиаданың міндеттері:

- математика пәні бойынша оқушылардың қызығушылығын қалыптастыру;
- қабілеті жоғары балаларды анықтау және интеллектуалды дамыған оқушыларды ынталандыру;
- оқушылардың математикалық ұғымдарды талдауын, өз ойын сауатты жеткізе білуге үйрету;
- дарынды балаларды қолдауға қажетті жағдай туғызу, жастар арасында ғылым негіздерін терең меңгеру, ғылыммен болашақта айналысуға бағыт беру;
- Мұғалімдерінің өзара тәжірибе алмасуын қалыптастыру, мұғалімдерді де ынталандыру арқылы мұғалім мәртебесін көтеруге ат салысу.

**2. Олимпиаданы ұйымдастыру тәртібі**

2.1. Олимпиаданың өткізу күні жоспар бойынша өткізіледі. Олимпиаданы өткізу тәртібін Ұйымдастырушылар анықтайды.

2.2. Олимпиадаға қатысу үшін тапсырыстар ақпараттық хат негізінде [zerdelibilim@mail.com](mailto:zerdelibilim@mail.com) электрондық мекенжайына жіберіледі. **I кезеңнің өткізілу уақытынан бір-екі апта бұрын әр сыныптан 5-8 оқушыны қосымшада көрсетілген үлгі бойынша сұранысын жіберу керек.**

2.3. Олимпиада екі кезеңнен тұрады. I кезең әр мектептің өз базасында өткізіледі. I кезеңге белгіленген апталықта “Зерделі” ақыл-ой дамыту орталығы (ары қарай орталық) келісілген уақыт бойынша мектепке **өз бақылаушысын** жібереді. Ол олимпиада сұрақтарын жеткізеді және олимпиада тәртібін бақылайды. Ал мектеп келісілген уақыт бойынша сұраныста көрсетілген оқушыларды жиып, олимпиаданың I кезеңін ұйымдастырып беруге міндетті. Орталық I кезеңнің тапсырмаларын тексеріп, II кезеңге өткен оқушыларды анықтайды. II кезең қортынды кезең, Астана қаласы №? мектеп базасында өткізіледі.

2.4. Олимпиаданың өткізілу тілі – қазақша.

2.5. Олимпиаданың II кезеңінің өткізілу уақыты **академиялық бір жарым сағат**. Қазылар алқасы дер кезде туындаған жайттарға байланысты олимпиада уақытын ұзарта алады. Олимпиада жеңімпаздарын анықтау тек II кезеңнің нәтижесі бойынша саналады.

2.6. Тапсырманы орындау кезінде жеке жазбаларды, кез келген әдебиетті, ұялы байланыс құралдарын қолдануға тыйым салынады. Қатысушылар өзімен бірге ақ парақ пен жазу, сызу құралдарын ғана алып келуі тиіс.

2.7. Тапсырманы орындау кезінде қатысушылар тек қазылар алқасы өкілдерімен ғана қарым-қатынас жасай алады.

2.8. Олимпиада ережесін бұзған қатысушы Олимпиададан шығарылады.

**3. Олимпиаданың өткізу форматы және бағалау жүйесі**

3.1. **«Алтын түлек»** олимпиадасының бағалау көрсеткіші 100 ұпай. Мазмұны негізінен 3 бөлімнен тұрады:

**I бөлім. «Бос орынды толтыр».** Бұл бөлімде оқушы жылдам жауап бере алатындай қысқа сұрақтар, логикалық есептер, мәтіндік анықтамалар, ережелер болады. Мәтіннің арасына немесе соңына терминдерге немесе есептеп жауабын жазуға тиісті сөздерге бос орын

қалдырылады, оқушы сол бос орынға тиісті сөзді, сан-цифрды немесе есептеудің ең соңғы жауабын жазуы керек. Бұл бөлікте он шақты мәтін немесе есептеулер беріледі, бір мәтінде бірнеше бос орындар болуы мүмкін. Ұпай әрбір бос орындар үшін саналады және ұпай саны әрбір бос орын үшін қажетіне қарай 3-4 ұпайдан, барлығы 20-50 ұпай айналасында беріледі. Бос орынға қойылған жауап қана есептелінеді, есептеу барысын жазу қажет емес. Егер оқушы басқа толықтырулар жасаса, онда ол есептелінбейді. Аталған бөлімде оқушының логикалық ойлау қабілеті мен есептеу жылдамдығын арттыруға бағытталған.

**II бөлім. «Дұрыс жауабын таңдау сұрақтары» («Жабық тест»).** Жауаптың 4-5 нұсқасы көрсетілген 10 сұраққа дейін кіргізілген тест тапсырмалары беріледі. Оқушы сол жауап нұсқаларының ішінен дұрыс жауабын таңдайды. Әр тапсырмаға 2-3 ұпайдан беріледі. Оқушының өз жауабына сенімді әрі нақты шешім қабылдайтын бөлім.

**III бөлім. «Есепте, дәлелде».** Есептің шарты беріледі. Тапсырманың шешу барысы, жауабы толық жазылады. Бұл тапсырмаға әрбіреуіне 5-15 ұпайға дейін берілуі мүмкін. Бұл бөлімде кем дегенде 2-6 стандартты және стандартты емес тапсырмалар аралас беріліп, оқушылар жүздік параққа шешу барысын, жауабын толық жазады, ұпайлары да соған сәйкес шешу басқыштарына қарай бөлініп беріледі. Бұның барлығы 100 ұпайды құрап, тапсырмалар жан-жақтылығымен, барлық тақырыптарды қамтуымен ерекшеленеді.

3.2. Олимпиада тапсырмалары **математикалық сауаттылықты, логиканы** негіз етеді. Жоғары сыныптардағы математикалық формулалармен шығарылатын есептер негізінен кездеспейді. Олимпиаданың осы форматтағы үлгілерін **zerdeli.kz** сайтынан көруге болады.

#### **4. Олимпиаданы ұйымдастырушылар мен қазылар алқасы**

4.1. Олимпиаданың ұйымдастырушылары: Астана қаласы «Зерделі» ақыл-ой дамыту орталығы, «Астана дарыны» дарындылықты Дамыту және психологиялық сүйемелдеу орталығы.

4.2. Олимпиаданы ұйымдастырушылар өз құзіреттілігі аясында:

- Олимпиаданы өткізу мерзімін, тәртібін келіседі;
- Орталық мұғалімдерінен қазылар алқасының құрамын жасақтайды;
- Олимпиада кезеңдерін өткізу барысында туындаған даулы жағдайларды қарастырады;
- Олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің тізімін бекітеді;
- Олимпиада тапсырмалары мен оны бағалау өлшемдерін әзірлейді;
- Олимпиадалық тапсырмалардың шешімін жариялайды және Олимпиада Ережесіне сәйкес басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

4.3. Олимпиаданың қазылар алқасы Астана қаласының тәжірибелі математика мұғалімдерінен құрылады.

- Олимпиада тапсырмаларын бағалау критериясын анықтап бекітеді;
- Олимпиадаға қатысушыларды тексереді, жұмыстарын бағалайды және бақылайды;
- Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлер кандидатурасын анықтайды;
- Олимпиада туралы Ережеге сәйкес басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

#### **5. Олимпиада қатысушылары**

5.1. Олимпиадаға орта жалпы білім берудің бағдарламаларын меңгеретін 10 сыныпта (қазақша) оқитын Астана қалалық мектеп оқушылары қатысады.

5.2. Олимпиада қатысушылар саны I кезеңге әр сыныптан 5-8 оқушы, II кезеңге әр мектепке берілген сан бойынша қазылар алқасы белгілеген ұпай шегінен жоғары жинаған оқушылар қатысады.

#### **6. Олимпиада қорытындысын шығару**

6.1. Олимпиаданың I кезеңі тек II кезеңге өткен оқушыларды анықтау үшін болады. Қортынды нәтижеге қосылмайды. Олимпиаданың жеңімпаздары II кезеңнің нәтижесі

бойынша анықталады. (Сондықтан, I кезеңге мектеп намысын қорғайтын жақсы оқушылардың қалып қалмауын, әділ өткізілуін қадағалау керек)

6.2. Олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлері олимпиада есептерінің ең көп санын қорғап қалған қатысушылардың санымен анықталады. Олимпиада жүлдегерлері бірінші, екінші, үшінші дәрежелі дипломдармен және бағалы силықтармен марапатталады.

6.3. Олимпиада өткізілгеннен кейін он күн ішінде оқушылардың рейтингісі мектептің электрондық мекенжайларына жіберіледі немесе [zerdeli.kz](http://zerdeli.kz) сайытында жарияланады.

## **7. Олимпиаданы қаржылық қамтамасыз ету**

Олимпиаданы өткізудің қаржылық қамтамасыз етілуі қаржылық ресурстардың қолайлылығы шеңберінде жүзеге асырылады, оқушылардан ешқандай жарна, ақы алынбайды. «Зерделі» ақыл-ой дамыту орталығы осы олимпиада үшін арнайы қаржы бөледі және оқушылар мен оқытушыларды материалдық шабыттандыру үшін ақшалай демеушілерді табады. Осы бөлінген қаржыдан олимпиаданың жүлде қорына қаржы жұмсалады, олимпиадалық тапсырмалар сатылып алынады, қазылар алқасына ақша төленеді.

## **8. Олимпиаданың жүлде қоры**

Олимпиадасының қорытындысы бойынша қатысушыларға I, II, III орындар беріледі, ақшалай сыйлықтар табысталады. Демеушілер табылған жағдайда, мұғалім мәртебесін көтеру мақсатында пән мұғалімдеріне де силықтар табысталады. II кезеңге қатысқан оқушылардың орташа ұпайы, орын алған оқушылар саны негізінде ең жоғары көрсеткіш көрсеткен мектепке «Алтын түлек» кубогы тапсырылады, ары қарай командалық есеп негізінде I, II, III орындар беріледі.